



Қазақстан Республикасы  
экология және табиғи  
ресурстар министрлігі  
Қазгидромет РМҚ

**2024 жылғы наурыз айына  
АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ**





**Мазмұны**

Алғы сөз.....	4
Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес наурыз айының қысқаша климаттық сипаттамасы .....	5
Наурыз айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні (кесте).....	7
2024 жылдың наурыз айында күтілетін орташа айлық температурасының нормадан ауытқуы.....	8
Наурыз айында көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма) .....	8
2024 жылдың наурыз айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы .....	9
Наурыз айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма) .....	9
2024 жылы Қазақстан аймақтары бойынша наурыз айында күтілетін орташа ауа температурасы .....	10
Ауа райының облыстар бойынша графигі .....	11
2024 жылдың наурыз айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы .....	12
Батыс Қазақстан облысы .....	13
Атырау облысы .....	14
Маңғыстау облысы .....	15
Ақтөбе облысы .....	16
Қостанай облысы .....	17
Солтүстік Қазақстан облысы.....	18
Ақмола облысы .....	19
Павлодар облысы .....	20
Ұлытау облысы .....	21
Қарағанды облысы .....	22
Абай облысы .....	23
Шығыс Қазақстан облысы .....	24
Қызылорда облысы .....	25
Түркістан облысы .....	26
Жамбыл облысы .....	27
Алматы облысы .....	28
Жетісу облысы .....	29

**АЛҒЫ СӨЗ**

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ болжамды айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

*Бір айға арналған ауа райы болжамы консультативтік сипатқа ие. Ауа райының күнделікті өзгеру бағытында 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сондай-ақ күнделікті ауа температурасының ( $\pm 5^{\circ}\text{C}$ ) мәндерінің де, ауа райының атмосфералық құбылыстарының да ауытқуы мүмкін екенін ескеру қажет. Бір айға арналған ауа райы болжамы айдың 30-31, 10, 20 күндерінде онкүндікке арналған болжамдармен нақтыланады.*

Бір айға арналған ауа райы болжамының шығуымен және оларды нақтылаумен байланысты барлық мәселелер жөнінде мына мекенжай бойынша Гидрометорталыққа хабарласуға болады:

Астана қ., Мәңгілік Ел көшесі 11/1.

Гидрометорталықтың директоры:

М. Шмидт, тел. (7172) 79-83-87.

Ауа райын ұзақ мерзімге болжау басқармасының басшысы:

Ж.Қ. Исабекова, тел. (7172) 79-83-95.

Құрастырған - АРҰМББ инженер-синоптигі:

О. Васюкова, тел. (7172) 79-83-95.

Аударған - АРҰМББ жоғары санатты техник:

Г. Масалимова, тел. (7172) 79-83-95

## **Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес наурыз айының қысқаша климаттық сипаттамасы**

Қазақстан аумағының оңтүстіктен солтүстікке қарай кеңінен созылуы республиканың әртүрлі өңірлерінің климаттық жағдайларының күрт айырмашылығын тудырады. Қазақстанның оңтүстігі үшін наурыз-әдеттегі көктем айы, ал солтүстік облыстарда қыс әлі де жалғасуда болады. Наурызда ауа-райы өте құбылмалы. Температураның кенет ауытқуы, жауын-шашынның жиі болуы осы айға тән болып келеді.

Наурыз айында ауаның орташа айлық температурасы ақпанға қарағанда жоғары, Қазақстан аумағының басым бөлігінде 6-7°C, республиканың оңтүстігінде, оңтүстік-шығысында және шығысында 8-10°C, кей жерлерде 11-12°C, оңтүстік-шығыстың таулы аудандарында 3-5°C.

Ауаның орташа айлық температурасы Қазақстанның солтүстігінде -9-14°C-тан, қиыр оңтүстікте +6+8°C-қа дейін ауытқиды.

Экстремалды жылдары орташа айлық ауаның температурасы нормадан 10-11° ауытқып, өте жылы жылдары республиканың солтүстігінде -1°C-қа дейін жоғарылады, оңтүстігінде +14°C, ал ең суық жылдары солтүстікте -20°C, ал оңтүстігінде -5°C дейін төмендеді.

Орташа тәуліктік ауа температурасының 5°C арқылы тұрақты ауысуы наурыздың екінші жартысында оңтүстік аймақтарда, ал қиыр оңтүстікте наурыздың бірінші онкүндігінде, ал наурыздың аяғында 10°C арқылы өтеді.

Наурызда ауа температурасының тәуліктік ауытқуы орта есеппен алғанда 9-11°C, қиыр солтүстік-шығыста 10-11°C болады. Өте жылы жылдары ауаның температурасы +13+18 °C, кей жерледе +21+26°C, оңтүстік облыстарда +25+30, кей жерлерде +35°C дейін жетуі мүмкін.

Өте суық жылдары ауаның ең төменгі температурасы -35-40°C дейін, ал республиканың солтүстік және шығыс облыстарында -42-47°C дейін, оңтүстік облыстарда -25-38°C.

Наурыз айында ақпанмен салыстырғанда жауын-шашын көбірек болады. Республиканың көптеген бөлігінде жауын-шашынның орташа көпжылдық мөлшері 14-25 мм, таулы және оңтүстіктің тау іргелес аудандарында, оңтүстік-шығыс және шығысында 25-51 мм, кей жерлерде 58-94 мм, оңтүстіктің тауларында 106-158 мм, ал қиыр солтүстік пен шөл аймақтарында жауын-шашынның ең төменгі мөлшері 12-21 мм-ге дейін жетеді. Республиканың солтүстігінде жауын-шашын көбінесе қар түрінде, ал оңтүстігінде жаңбыр түрінде болады.

Наурыздың басында Маңғыстау облысының оңтүстік және батыс аудандарынан басқа, Қазақстанның барлық жерлерінде қар жамылғысы сақталады. Солтүстік Қазақстанда қар жамылғысы ең қалың деңгейіне 20-38 см-ге, Ақтөбе облысының солтүстігінің кей жерлерінде және шығыс пен оңтүстік-шығыстың таулы аудандарында 44-99 см-ге дейін барады. Республиканың таулы аудандарынан басқа оңтүстік жартысында, айдың үшінші онкүндігінде қар еріп бітеді.

Наурыз - өте желді ай, бұл әсіресе Қазақстанның солтүстік жартысына тән, мұнда екпіні 15 м/с-тен астам қатты желдер айына 4-8, ал кей жылдары

15-20 тәуліктей соғады. Оңтүстік облыстардың ішінде қатты желдер Жамбыл және Алматы облыстарында байқалады, мұнда кейбір күндері жел 25-28 м/с, екпіні 30м/с одан әрі жетеді.

Наурызда республиканың солтүстік жартысында бұрқасын соғу – дағдылы құбылыс, орта есеппен 5-8, кей жерледе 10-11, кейде 15-20 тәуліктей болады. Оңтүстік аудандарда бұрқасындар сирек, ал оңтүстіктің жазық жерлерінде 10 жылда 1-2 рет, тек кей жылдары ай ішінде 2-3 рет байқалады. Таулы аудандарда бұрқасындар жиі болады.

Республиканың солтүстігінде тұманды күндердің орта саны айдың ішінде 3-5, батысында 5-8 тәулік, бірақ олардың жиілігі кейде 2-3 ретке көбейеді. Қазақстанның оңтүстігінде тұмандар - сирек құбылыс: айына 1-3, кейде 10, ал Қордай ауданында 13 тәулікке дейін болады.

Көктайғақ кей жылдары айына 2-3 рет байқалуы мүмкін.

Наурызда күннің күркіреуі тек республиканың оңтүстік жартысында 10 жылда 1-2 рет, қиыр оңтүстікте айына 1 рет, ал кейбір жылдары айына 3-4 рет болады.


**Наурыз айында ҚР бойынша ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері (норма 1991-2020 жж.)**

Облыс	Ауа температурасы, °С	Жауын-шашын мөлшері, мм
Батыс Қазақстан облысы	-3,9...+1,1	14...27
Атырау облысы	-1,0...+2,4	12...18
Маңғыстау облысы	+2,0...+5,8	11...20
Ақтөбе облысы	-0,3...-6,8	14...31
Қостанай облысы	-4,5...-7,9	11...23
Солтүстік Қазақстан облысы	-6,1...-8,1	13...25
Ақмола облысы	-5,7...-8,3	13...25
Астана қаласы	-6,0	20
Павлодар облысы	-4,8...-7,9	12...21
Ұлытау облысы	-1,2...-5,6	11...20
Қарағанды облысы	-0,3...-8,1	8...28
Абай облысы	-8,1...+0,2	9...30
Шығыс Қазақстан облысы	-4,0...-10,7	12...35
Қызылорда облысы	0,0...+6,7	10...22
Түркістан облысы	+0,5...+9,4	19...98
Шымкент қаласы	+7,8	81
Жамбыл облысы	+0,8...+5,3	11...55
Алматы облысы	-5,7...+5,3	10...90
Алматы қаласы	+4,6	72
Жетісу облысы	-4,1...+5,7	4...60


## 2024 жылғы наурыз айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық мөлшерден ауытқуы

Наурыз айында ауаның орташа айлық температурасы республиканың басым бөлігінде *норма шамасында*, Алматы, Жетісу, Абай облыстарында, Түркістан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстарының басым бөлігінде, Қызылорда және Қарағанды облыстарының оңтүстік-шығысында *нормадан 1° жоғары* болады деп күтілуде.

### 2024 жылдың наурыз айында күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы



### Наурыз айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма: 1991-2020 жж.)







## 2024 жылдың наурыз айындағы күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

**Наурыз** айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде *нормадан көп*, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарының басым бөлігінде, Ақтөбе облысының солтүстік-шығысында, Ақмола облысының солтүстік-батысында, Маңғыстау облысының оңтүстік-шығыс жартысында, Қызылорда облысының оңтүстік-батыс жартысында және Түркістан облысының оңтүстік-батысында *норма шамасында* болады деп болжануда.

### 2024 жылдың наурыз айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы




### Наурыз айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма: 1991-2020 жж.)



## 2024 жылғы наурыз айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы









Ауаның орташа айлық температурасы республиканың солтүстік жартысында  $-1-8^{\circ}\text{C}$ , оңтүстік жартысында  $0,+7^{\circ}\text{C}$ , елдің қиыр оңтүстігінде  $+8+11^{\circ}\text{C}$ , ҚР қиыр шығысында  $-10^{\circ}\text{C}$  дейін күтіледі.

### 2024 жылдың наурыз айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы




2022 жылға ұқсас


## Қазақстанның облыстары бойынша наурыз айына ауа райы кестесі




**Қарағанды облысы**




**Абай облысы**




**Шығыс Қазақстан облысы**




**Қызылорда облысы**




**Түркістан облысы**




**Жамбыл облысы**



**Алматы облысы**



**Жетісу облысы**



**Шартты белгілер:**

- |  |                          |  |  |  |        |
|--|--------------------------|--|--|--|--------|
|  | кей жерлерде жауын-шашын |  | қар                                    |  | бұршақ |
|  | аздаған жауын-шашын      |  | нөсерлі қар                            |  | дауыл  |
|  | қар аралас жаңбыр        |  | жаңбыр                                 |  |        |
|  | ығалды нөсерлі қар       |  | найзағай                               |  |        |
|  | нөсерлі жаңбыр           |  | Кей жерлерде желдің 15-20 м/с күшейтуі |  |        |
|  | шанды дауыл              |  | с                                      |  |        |
|  | көк тайғақ               |  | юв                                     |  |        |
|  | тұман                    |  | сз                                     |  |        |
|  | бұрқасын                 |  | св                                     |  |        |
|  |                          |  | ю                                      |  |        |
|  |                          |  | юв                                     |  |        |
|  |                          |  | з                                      |  |        |
|  |                          |  | юз                                     |  |        |
|  |                          |  | з                                      |  |        |
|  |                          |  | в                                      |  |        |
|  |                          |  | юз                                     |  |        |
|  |                          |  | з                                      |  |        |
|  |                          |  | в                                      |  |        |
- көткышдык орташа тәуліктік ауа температурасының барысы  
 түнгі ауа температурасының барысы  
 күндізгі ауа температурасының барысы  
 ауаның орташа тәуліктік температурасының барысы



## Қазақстан облыстары бойынша 2024 жылғы наурыз айына консультативтік ауа райы болжамы

### Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $-4,3+0,5^{\circ}\text{C}$ , бұл *норма шамасында* күтіледі. (норма:  $-3,9+1,1^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде*  $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде  $-13^{\circ}\text{C}$ -тан  $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $-4+1^{\circ}\text{C}$ -тан  $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде*  $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде *түнде*  $-17^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз*  $-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде*  $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде*  $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-22^{\circ}\text{C}$ -тан  $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $-2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $-4-9^{\circ}\text{C}$ -тан  $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $-5-10^{\circ}\text{C}$ -тан  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+2+7^{\circ}\text{C}$ -тан  $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан көп* (норма: 14-27 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) жиі бірінші, екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің басында, жаңбыр айдың соңында, бұрқасын бірінші және екінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Тұман жиі бір ай бойы, көктайғақ екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с жиі бір ай бойы болжанады.



## Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $-1,3+2,1^{\circ}\text{C}$ , бұл норма шамасында болады деп күтілуде. (норма:  $-1,0+2,4^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-5^{\circ}\text{C}$ -тан  $0^{\circ}$ -қа дейін, күндіз  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+10^{\circ}\text{C}$ -тан  $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде  $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-1+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $-7-12^{\circ}\text{C}$ -тан  $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде түнде  $-17^{\circ}\text{C}$ -тан  $-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-8^{\circ}\text{C}$ -тан  $-3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде  $-10^{\circ}\text{C}$ -тан  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+10^{\circ}\text{C}$ -тан  $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 12-18 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) жиі бірінші, екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің басында, жаңбыр бірінші және үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің басында, көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында, екінші және үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Шаңды дауыл айдың соңында болжанады. Жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі күтіледі.



## Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+1,8+5,7^{\circ}\text{C}$ , бұл норма шамасында болады деп күтілуде (норма:  $+2,0+5,8^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде  $-2+3^{\circ}\text{C}$ -тан  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+4+9^{\circ}\text{C}$ -тан  $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+14^{\circ}\text{C}$ -тан  $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа, оңтүстігінде  $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының түнде  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+1+6^{\circ}\text{C}$ -тан  $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан  $-1+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде  $-10^{\circ}\text{C}$ -тан  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-1+4^{\circ}\text{C}$ -тан  $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың солтүстік-батыс жартысында нормадан көп, республиканың оңтүстік-шығыс жартысында норма шамасында (норма: 11-20 мм).

Жаңбыр бірінші және үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) – бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында. Жел  $15-20$  м/с бір ай ішінде жиі болжануда. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін.



### Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $-0,5-7,0^{\circ}\text{C}$ , бұл норма шамасында болады деп күтілуде. (норма:  $-0,3-6,8^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде  $-5-10^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде  $-15^{\circ}\text{C}$ -тан  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-4+1^{\circ}\text{C}$ -тан  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-7^{\circ}\text{C}$ -тан  $0^{\circ}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $-6-11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде түнде  $-18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $-13-18^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылайды деп күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде  $-3^{\circ}\text{C}$ -тан  $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан көп, облыстың солтүстік-шығысында норма шамасында күтілуде (норма: 14-31 мм).

Жауын - шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) жиі бірінші онкүндіктің екінші жартысында, үшінші онкүндіктің басында және соңында, қар жиі екінші және үшінші онкүндіктің басында, көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с, бұрқасын бір ай ішінде жиі күтіледі.





## Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $-4,5-8,2^{\circ}\text{C}$ , бұл норма шамасында болады деп күтілуде. (норма:  $-4,5-7,9^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-21^{\circ}\text{C}$ -тан  $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $0^{\circ}$ -қа дейін, күндіз  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-8^{\circ}\text{C}$ -тан  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде  $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-9-14^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжануда.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $-9-14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде түнде  $-19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда. Содан кейін ауа температурасының түнде  $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-9-14^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжануда.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $-5-10^{\circ}\text{C}$ -тан  $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-2+3^{\circ}\text{C}$ -тан  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың оңтүстігінде нормадан көп болады деп күтіледі (норма: 11-23 мм).

Жауын - шашын (жаңбыр, қар) бірінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында, қар екінші және үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с, бұрқасын бір ай ішінде жиі болжанады.



## Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $-6,6-8,3^{\circ}\text{C}$ , бұл норма шамасында болады деп күтілуде. (норма:  $-6,1-8,1^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан  $-13-18^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-17^{\circ}\text{C}$ -тан  $-23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-2+3^{\circ}\text{C}$ -тан  $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-6^{\circ}\text{C}$ -тан  $-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде  $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $-17-22^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $-17-22^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-27^{\circ}\text{C}$ -тан  $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-7-12^{\circ}\text{C}$ -тан  $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы жоғарылауы болжануда.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $-3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде  $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+3^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың қиыр оңтүстік-шығыста нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 13-25 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында, қар екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында, көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Тұман бірінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің соңында болжануда. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі болжанады.



## Ақмола облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $-5,7-8,3^{\circ}\text{C}$ , бұл *норма шамасында* болады деп күтілуде. (норма:  $-5,7-8,3^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батысында  $-22^{\circ}\text{C}$ -тан  $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батысында  $-10^{\circ}\text{C}$ -тан  $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасы *түнде*  $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде *түнде*  $-22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $-12-17^{\circ}\text{C}$ -тан  $-17-22^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-22^{\circ}\text{C}$ -тан  $-27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-13^{\circ}\text{C}$ -тан  $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $-5-10^{\circ}\text{C}$ -тан  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $-2+3^{\circ}\text{C}$ -тан  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан көп*, облыстың солтүстік-батысында *норма шамасында* күтіледі. (норма: 13-25 мм).

Жауын - шашын (жаңбыр, қар) бірінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында және соңында, қар айдың ортасында болады деп болжануда. Тұман айдың басында және ортасында, көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болуы мүмкін. Бұрқасын бірінші, екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің басында болады деп болжануда. Жел  $15-20$  м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



## Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $-4,0-7,6^{\circ}\text{C}$ , бұл норма шамасында болады деп күтілуде. (норма:  $-4,8-7,9^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $-7-12^{\circ}\text{C}$ -тан  $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында  $-15^{\circ}\text{C}$ -тан  $-22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-1-6^{\circ}\text{C}$ -тан  $-6-11^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+2^{\circ}\text{C}$ -тан  $-1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде  $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $-12-17^{\circ}\text{C}$ -тан  $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-22^{\circ}\text{C}$ -тан  $-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан  $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылайды деп күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $-5-10^{\circ}\text{C}$ -тан  $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-2+3^{\circ}\text{C}$ -тан  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп болады деп күтілуде. (норма: 12-21 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында, қар, бұрқасын екінші және үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Көктайғақ бірінші және үшінші онкүндіктің ортасында болады деп болжануда. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



## Ұлытау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $-0,9-5,1^{\circ}\text{C}$ , бұл норма шамасында болады деп күтілуде. (норма:  $-1,2-5,6^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде  $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында  $-17^{\circ}\text{C}$ -тан  $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+3$ -тан  $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде  $-6-11^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында  $-14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында  $-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде  $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында  $-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп болжанады. (норма: 11-20 мм)

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің соңында, қар бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің соңында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында және соңында, көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел  $15-20$  м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.





## Қарағанды облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $-7,0+0,8^{\circ}\text{C}$ , бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстік-шығысында *нормадан  $1^{\circ}$  жоғары* болады деп күтілуде. (норма:  $-0,3-8,1^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде*  $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-20^{\circ}\text{C}$ -тан  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-8^{\circ}\text{C}$ -тан  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде*  $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде*  $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-4^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде*  $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстік-шығысында  $-21^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз*  $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан көп* болжанады. (норма: 8-28 мм)

Қар айдың басында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - жиі бір ай ішінде болады деп болжануда. Тұман бірінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің басында, көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында, жиі екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Бұрқасын әр онкүндіктің соңында болжанады. Жел  $15-20$  м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



### Абай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $-6,9+1,4^{\circ}\text{C}$ , бұл нормадан  $1^{\circ}$  жоғары болады деп күтілуде. (норма:  $-8,1+0,2^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-20^{\circ}\text{C}$ -тан  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-3+2^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде  $-8^{\circ}\text{C}$ -тан  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында  $+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында  $-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $-6-11^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $0^{\circ}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде  $-14-19^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $-9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында түнде  $-24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-10^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $-10-15^{\circ}\text{C}$ -тан  $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $-5^{\circ}\text{C}$ -тан  $+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+2+7^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде  $-1^{\circ}\text{C}$ -тан  $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан өп болжанады. (норма: 9-30 мм)

Қар жиі бір ай ішінде күтіледі, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің соңында болжануда. Көктайғақ бірінші, екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін, тұман бірінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің басында болжануда. Жел  $15-20$  м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Ауаның орташа айлық температурасы  $-3,1-9,5^{\circ}\text{C}$ , бұл нормадан  $1^{\circ}$  жоғары болады деп күтілуде. (норма:  $-4,0-10,7^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде және шығысында  $-25^{\circ}\text{C}$ -тан  $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $0^{\circ}$ -қа дейін, күндіз  $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан  $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде және шығысында  $-10^{\circ}\text{C}$ -тан  $-2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $-5^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде және шығысында  $-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде түнде  $0^{\circ}$ -қа дейін, күндіз  $+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда. Содан кейін ауа температурасының түнде  $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде және шығысында  $-22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде түнде  $-9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында  $0^{\circ}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп күтіледі. (норма: 12-35 мм).

Қар бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің басында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - жиі бір ай ішінде болады деп болжануда. Бұрқасын бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Көктайғақ айдың басында, ортасында және соңында болуы мүмкін, тұман бірінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.





## Қызылорда облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+0,1+7,7^{\circ}\text{C}$ , бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстік-шығысында *нормадан  $1^{\circ}$  жоғары* болады деп күтілуде. (норма:  $0,0+6,7^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде*  $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $-8^{\circ}\text{C}$ -тан  $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан  $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $0^{\circ}$ -тан  $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде*  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының жоғарылауы күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде*  $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде *түнде*  $-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $+5+10^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың солтүстігінде  $+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың солтүстік-шығысында *нормадан көп*, облыстың оңтүстік-батысында *норма шамасында* күтіледі (норма: 10-22 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) айдың ең басында және ортасында, жаңбыр бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің ортасында, көктайғақ айдың ортасында болуы мүмкін. Жел  $15-20$  м/с бір ай ішінде жиі күтіледі, шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін.



## Түркістан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+1,9+10,8^{\circ}\text{C}$ , бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1°, жоғары*, облыстың қиыр солтүстігінде *норма шамасында* болады деп күтілуде. (норма:  $+0,5+9,4^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде*  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+8^{\circ}\text{C}$ -тан  $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа, тау және тау бөктеріндегі аудандарында  $+5$ -тан  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде*  $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде, тау және тау бөктеріндегі аудандарында  $-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде*  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде, тау және тау бөктеріндегі аудандарында  $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда. Содан кейін ауа температурасының *түнде*  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз*  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде, тау және тау бөктеріндегі аудандарында *түнде*  $-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $0^{\circ}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде, тау және тау бөктеріндегі аудандарда  $-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан көп*, облыстың оңтүстік-батысында *норма шамасында* күтіледі (норма: 19-98 мм).

Жаңбыр жиі бірінші және үшінші онкүндікте, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, көктайғақ айдың ортасында болуы мүмкін. Жел  $15-20$  м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



## Жамбыл облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+2,0+6,7^{\circ}\text{C}$ , бұл нормадан  $1^{\circ}$  жоғары болады деп күтілуде. (норма:  $+0,8+5,3^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $-2+3^{\circ}\text{C}$ -тан  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде түнде  $-5^{\circ}\text{C}$ -тан  $0^{\circ}$ -қа дейін, күндіз  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде  $+3^{\circ}\text{C}$ -тан  $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп болжануда. Содан кейін ауа температурасының түнде  $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз  $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылайды деп болжануда.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп болжануда. Содан кейін ауа температурасының түнде  $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде  $0^{\circ}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде  $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп болжануда. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының түнде  $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде, тау және тау бөктеріндегі аудандарында  $-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп күтіледі. (норма: 11-55 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің басында, жиі екінші онкүндікте, жауын-шашын (жаңбыр, жылбыскы қар) - үшінші онкүндіктің басында болады деп күтілуде. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында және екінші онкүндікте, көктайғақ екінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел  $15-20$  м/с бір ай ішінде жиі болжанады.



## Алматы облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $-4,3+6,7^{\circ}\text{C}$ , бұл нормадан  $1^{\circ}$  жоғары болады деп күтілуде. (норма:  $-5,7+5,3^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $-4+1^{\circ}\text{C}$ -тан  $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде, тау және тау бөктеріндегі аудандарында  $-9^{\circ}\text{C}$ -тан  $-4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+13^{\circ}\text{C}$ -тан  $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа, тау және тау бөктеріндегі аудандарында  $+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжануда.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз  $+9+14^{\circ}\text{C}$ , облыстың оңтүстігінде түнде  $+10^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+17^{\circ}\text{C}$ -қа болжануда. Содан кейін ауа температурасының түнде  $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-1+4^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде, тау және тау бөктеріндегі аудандарында түнде  $-14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде  $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз  $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде, тау және тау бөктеріндегі аудандарында түнде  $-9^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз  $+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда. Содан кейін ауа температурасының түнде  $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-1+4^{\circ}\text{C}$ -қа, тау және тау бөктеріндегі аудандарында  $-4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда. Онкүндіктің ортасында ауа температурасының түнде  $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде түнде  $+8^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз  $+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының түнде  $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа, тау және тау бөктеріндегі аудандарында  $-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп болады деп күтіледі (норма: 10-90 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің басында, екінші және үшінші онкүндіктің ортасында, жауын - шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болады деп болжануда. Тұман бірінші және екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында, көктайғақ екінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі болжанады.



## Жетісу облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $-2,7+7,1^{\circ}\text{C}$ , бұл нормадан  $1^{\circ}$  жоғары болады деп күтілуде (норма:  $-4,1+5,7^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан  $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $-3^{\circ}\text{C}$ -тан  $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа облыстың оңтүстігінде  $+11^{\circ}\text{C}$ -тан  $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде, тау және тау бөктеріндегі аудандарында  $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде  $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде, тау және тау бөктеріндегі аудандарында  $+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде, тау және тау бөктеріндегі аудандарында  $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде  $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $0^{\circ}$ -қа дейін, күндіз  $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде, тау және тау бөктеріндегі аудандарында  $-1^{\circ}\text{C}$ -қа төмендеуі болжануда.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $0^{\circ}$ -тан  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде, тау және тау бөктеріндегі аудандарында  $-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде, тау және тау бөктеріндегі аудандарында  $-1^{\circ}\text{C}$ -тан  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде  $+13^{\circ}\text{C}$ -қа төмендеуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп күтіледі (норма: 4-60 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, қар) бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында, жаңбыр бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің бірінші жартысында күтіледі. Тұман бірінші және үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін, көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында және екінші онкүндіктің соңында болады. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі болжанады.



Қазақстан Республикасы  
Астана қ-сы  
Мәңгілік Ел к-сі 11/1  
тел: 8(7172)79-83-95  
E-mail:  
Udpp@meteo.kz



Республика Казахстан  
г.Астана  
ул.Мәңгілік Ел 11/1  
тел: 8(7172)79-83-95  
E-mail:  
Udpp@meteo.kz